



## Жаңа альбом жарық көрді

20 сәуірде орталық кітапхананың оқу залында “ArtШАШУ” альбомының тұсаукесері болды. Қалалық тарихи-өлкетану мұражайының директоры З.Ибраева тұсаукесер рәсіміне шақырылған қонақтарды таныстырып өтіп, “ArtШАШУ” альбомында жергілікті кескіндеме және қолданбалы өнер шеберлерінің өмірбаяны мен шығармашылығы келтірілгенін сөз етті. Қалалық мәдениет және тілдерді

дамыту бөлімінің бастығы Қ.Кәрімов “ArtШАШУ” альбомы “Мәдени мұра” бағдарламасы аясында шығарылып отырған үшінші кітап екенін тілге тиек етіп, демеушілік көмек көрсеткені үшін “Заманбанк” АҚ-на алғысын білдірді. Альбомда қала әкімі Н.Д.Набитовскийдің алғы сөзі

келтірілген, С.Күспекова, С.Пантелеев, З.Төлегенова, К.Сүлейменов, П.Сушков,

Қ.Сартымбекова, В.Чинараева, З.Лысенко, А.Гаврилюк, С.Гаврилюк, Е.Мұхамеджанов,

Ш.Рақышев, Б.Қайнышева, Қ.Жапанов, Р.Қоғабаева, Ш.Қоғабай, С.Колокольцов, С.Соколов,

М.Иванов, В.Бобыкин, А.Солтанбаев, Ю.Лавров, Г.Горбунова секілді қолөнер шеберлері туралы

толық мәліметтер алуға болады. Іс-шарада “Заманбанк” АҚ-ның директоры Е.Гупало, суретші

С.Пантелеев, “БАК” ЖШС-нің аудармашы-кеңесшісі Ж.Қоғабаев, ісмер З.Төлегенова аталмыш

кітап туралы өз ойларын ортаға салды.

**П.Әмірқызы**